

Г.А.ОМАРОВА

(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Аннотация

Бұл мақалада педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кешен жасау бөлімі мұғалім өз білімін жетілдіріп, оқушыларға педагогикалық пәндерді инновациялық технологиялар арқылы оқытып, оларды қызығушылық, жан-жактылық, шығармашылық, танымдық қасиеттерін дамыту мәселе сі қарастырылған.

Тірек сөздер: технология, инновациялық технология, педагогикалық технология, инновациялық климат, модельдік оқыту.

Ключевые слова: технология, инновационная технология, педагогическая технология, инновационный климат, модельное обучение.

Keywords: technology, innovative technology, pedagogical technology, innovative climate, model training.

Казіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой –өрісінің шындалуын жеке тұлға ретінде қалыптасуына талап етуде. Біздің еліміздің алғаш шарттары бәсекелі елдер қатарына көтерілу болса, бәсекеге жету үшін жан – жақты дамыған рухани бай тұлғаны жетілдіруіміз керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілеттерін көру, оны жетілдіру, ізденіштік қасиетін дамыту, мұғалімнің шеберлік қасиетіне байланысты. Біздің ұлы жазушымыз Ж.Аймауров айтқандай «Сабак беру үйренішкіті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаңы табатын өнер» - деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру болып табылады. Елбасы Н.Назарбаев халықта жолдаған жолдауында «Біздің міндег жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» ұстаздар қауымына міндеттеледі деп айтқан болатын. Жаңа технологиялардың басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның ізденімпаздыққа, белсенділікке қалыптастыру болса, өз бетінше еркін шешім қабылдауына ықпал жасайды. Педагогикалық пәндерді оқыту кезінде инновациялық технологиялардың жақсы менгерудің өзі шеберлік.[1] Жаңа технологияларды пайдалана отырып, баланың қызығушылық қабілетін, білімге деген құштарлығы мен құлышының күштейді. Білімнің сапалы болуы мұғалімнің білім дәрежесі мен ізденімпаздық шеберлігіне байланысты. Инновациялық технология – білім сапасын арттыратын бірден – бір кепіл. «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз жаңартып отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімділігі де жойылады» деп орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай қазіргі заманға сайр мұғалім өз білімін жетілдіріп, бір сарынды сабактардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабактарында құнделікті пайдаланса, ол сабактың мәнді де тартымды да болатыны сөзсіз. Инновациялық технология – мұғалімнің кәсіби қызметтің жаңартуышы құрал болып табылады. Педагогикалық технологиялардың міндегі оқушының оқу танымдық әрекетін жаңандыратын және алға қойған мақсаттарына жеткізу. Қазіргі жас ұрпақты жаңаша технологияларды біліп үйренуге үрнету. Осында жағдайда білім беру жүйесі қоғамдық қызметтің басқа салаларымен бірлесе отырып қана аяғынан тұрып кетеді. Өйткені инновациялар бір мезгілде қайта құрудың әрі негізгі нәтижесі, әрі ең тиімді тәсілі болып табылады. Еліміз егемендік алып, оның алғашқы жылдарында білім саласына көп мән берілді. Әсіресе, инновацияны басқару бағдарламасы орындаушылардың алға қойған мақсатқа жету жолындағы іс – әрекеттер кешенін қамтитын жоспар болып табылады. Педагогикалық пәндер арқылы инновациялық білім беру жүйесін дамыту үшін ұйымдық – педагогикалық және ғылыми-әдістемелік жағдайлар кешенін жасау қажет. Соның ішінде мыналарды біліп айтуда болады:

- гуманистік білім беру парадигмасы тұрғысынан эзірленген тұжырымдаманың болуы;
- оны оқу – тәрбие процесі субъектілерінің түгелдей қабылдауы;
- қазіргі заманың және болашақтың талаптарына жауап беру алатын жаңа мазмұндағы білім беру ісі мақсаттары мен міндеттерін айқындау.

- инновациялық процестің технологиясы көрсетілген бағдарламаның болуы;
- дамудың ғылыми – әдістемелік, материалдық – техникалық және қаржылық экономикалық базасын қамтамасызы ету және т.б.

Инновациялық климат дегенге анықтама беретін болсақ, бұл адам өзін еркін сезінетін, творчествалық жұмыстарға әзірмін деп белетін, соған қолайлы мүмкіндіктер жасалған жағдай. Оның шарттарын қамтамасыз ету қажет. Инновациялық ұйымдық қарым – қатынастың өз белгілері бар. Ол: инновациялық қызметтің басшылық тарапынан қолдау табуы; эксперименттер жүргізуге көмектесуі; коммуникациялық байланыстың жоғары деңгейі және оның тұрақты түрде жетілдірілп отыруы және т.б[2]

Қазіргі уақытта, жоғарғы оқу орындарында модельдік оқыту кең өріс алғып жатыр. Міндетті нәтижелерге негізделген оқыту технологиясы мынадай ерекшеліктерімен - білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі, оқушыларға берілген тапсырманың саралануы, тапсырма оқушының күші жететіндей және қолайлы болуы шарт, білімнің базалық деңгейі оқытудың жаңа технологиясының механизмі ретінде оқушының бірте-бірте өрістей дамуына мүмкіншілік жасауы тиіс, оқушыға оқу деңгейін таңдауга ерік беру, оқушы өз мүмкіндігіне орай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігімен сипатталады.

Модельдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген оның мақсаты - оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өндеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету. Модельдік оқытудың өзегі - оқу моделі. Оқу моделі - ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны іскер мұғалімнің нұсқауларынан, оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады.

Ал, мектептерде оқушылардың қызығушылығын ояту, шығармашылық ізденіске үйрету инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асып отыр. Оның дәлелі мұғалімдер инновациялық технологиялар арқылы топтық, қаучинг сабактарын өткізіп жатыр. Педагогикалық пәндердің маңызы, инновациялық технологияларды жақсы игеруге көмектеседі. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұфының біздің педагогикалық пәндерімізге еніп келеді. Орыс ғалымы Б.Т. Лихачев педагогикалық технологияга мынандай анықтама береді: Педагогикалық технология – оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогтық ықпал деп түсіндіреді. Педагогикалық технология - оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру формасымен анықталады.

Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері - қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны, мұғалім мен оқушының өзара байланыс іс-әрекеті, оқушының ішкі даму үрдісі негізінде анықталған нақты мақсат қана педагогикалық технология құрылымын түсін кілті бола алады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалану қоғамдық түрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр.

Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалынып, мектеп өміріне енгізілуде. Олар: С.Н.Лысенкова алдына ала оқығу, Шаталовтың интенсивті оқыту (тірек сигналдарын пайдалану арқылы), Эрднiesvtің ірі блоктан оқыту, мәселелік оқытудың белсенді әдісі, т.б. Инновациялық технология - бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданатын барлық кисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті деп анықтайды орыс ғалымы М.В.Кларин. [3]

Корыта айтқанда, жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігі көп. Оқушылардың шығармашылық ізденіске ат салысусы, өз ойын еркін жеткізе білуіне, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осы орайда елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновациялық даму мүмкіндіктерін қолдану бұл XXI ғасыр талабы болып отыр. Себебі қатаң бәсекелестің жағдайға тек инновациялық процестер жаңа технологиялар ғылыми зерттеулер арқылы ғана төтеп беру мүмкін.

ӘДЕБІЕТ

1 «Инновациялық технология – білім сапасын арттыруға кепіл». Баяндама. Зейнолдина Гулмира Нұрайқызы 2011 ж.

2 «Білім берудегі менеджмент: инновациялық процестерді жүйелі басқару.,К.З.Жақсылықова» Журнал «Білім беру мекемесі басыларының анықтамасы» 2013ж [19-20б]

3 <http://kk.convdocs.org>

REFERENCES

1. «Zalog dlya uluchsheniya kachestva obrazovaniya –innovacionnaya technologiya».Doclad.Zeinoldina Gulmira Nuraykyzy 2011 god.
2. «Menedjment v obrazovanii.Sistemnoe upravlenie innovacionnyh processov.,K.Z.Zhaksylykova» Zhurnal «Spravka rukovoditelei obrazovatel'nogo uchrejdeniya» 2013 god [19-21 str]
3. <http://kk.convdocs.org>

РЕЗЮМЕ

(Г.А.Омарова)

(Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан)
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

В данной статье рассматривается раздел педагогических и научно-методических комплексов, преподаватель повышая квалификацию обучает учеников педагогическим предметам используя инновационные технологии для развития разносторонних, творческих, познавательных качеств.

Ключевые слова: технология, инновационная технология, педагогическая технология, инновационный климат, модельное обучение.

SUMMARY

(G.A.Omarova)

(Almaty technological university, Almaty, Kazakhstan)
USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGY IN TEACHING PEDAGOGICAL SUBJECTS

In this article it is considered: section of pedagogical and scientific and methodical complexes, the teacher increasing qualification trains pupils in pedagogical subjects using innovative technologies for development the versatile, creative, informative qualities.

Keywords: technology, innovative technology, pedagogical technology,innovative climate, model training.